

**С.Д.АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ
ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ**



Кафедра: Хирургиялық стоматология

Тақырыбы: Организмнің спецификалық және спецификалық емес факторлары.


**Орындаған: Бубеева Д.Д.
Қабылдаған: Амантаев Б.А.**



Жоспары:

Организмінің қорғану
факторларының түрлері;
Спецификалық емес факторлар;
Спецификалық қорғаныстық
факторлар

Организмінің қорғану факторлары
болып екіге ажыратылады.



Спецификалық емес факторларға:

- * терінің, шырышты қабықтардың т.б тіндердің тосқауылдық және бактерияларды жоятын қызметтері;
- * нейтрофилдер мен макрофагтардың микробтарды жеп қоюы/фагоцитозы/

- * Биологиялық сұйықтардың бактерияларды жоятын немесе олардың өсіп-өнуін тоқтататын факторлар/лизоцим, пропердин, лактоферин, лизиндер, интерферондар, комплемент құрамбөлшектері т.б/;
- * рефлекстік қорғаныстық серпілістер/түшкіру, құсу, жөтелу, шырыш шығару/ жатады.

Спецификалық қорғаныстық факторлар:

Қабыну үрдістер кездеріндегі ең нәтижелі қорғаныстық фактор болып иммундық серпілістер есептеледі.

Микроорганизмдердің құрамында көптеген антигендік

анықтағыштар/эпитоптар/болады.

Иммундық жүйе соларды бөтен текті зат ретінде таниды да, иммунитеттің сұйықтық және жасушалық тетіктерін дамытады.

Содан әр микробтың жеке түріне ғана қарсы арнайыланған төтемелілік байқалады. Бұл кезде организмге жаңадан енген микробқа қарсы арнайыланған антиденелер өндіріледі, ал бұрынғы кездескен микробтарға бұрын дамыған иммунитетті жаңғыртып, қарсы тұрады.

Иммундық жауаптың түрі микробтың организмге ену жолына және оның түріне, ерекшелігіне байланысты болады.

Вирустар. Вирустардың организмге ену қақпаларында, қанға түсуінде, нысана жасушаларға жабысуында және жасушаларға енуінде оларға қарсы иммундық жауап төрт түрлі болады.

ену жолдарында/шырышты қабықтар мен теріде/ олар сөлденістік А-иммундық глобулиндермен және интерферондармен шабуылданады.

Вирус қанға түскенде қандағы иммундық глобулиндердің әсеріне ұшырайды. Бұл кезеңде ғана нәтижелі болады. Бірақ оның организм үшін жағымсыз жақтары да болуы ықтимал. Өйткені ол:

- антиденелермен байланысуынан организмнің қорғаныстық күштеріне вирустың төзімді құрамбөлшектері пайда болуына әкеледі;
- вирус антиденелермен бйланысуынан иммундық кешендік аурулар дамуын арттырады;
- тін жасушаларына бүліндіргіш ықпал ететін цитокиндердің өндірілуін тым арттырып жібереді.

вирус өзіне сезімтал жасушалармен
жабысады және олардың сыртқы
беттерінде өсіп-өнеді. Жасушалардың
сырттарындағы вирустарды
байланыстыратын арнайы рецепторлар
қалыпты жағдайларда әртүрлі міндеттер
атқаратын рецепторлар болулары мүмкін.
Олар гормондардың немесе басқа
дабылдық молекулалардың әсерлерін
қабылдайтын рецепторлар болуы ықтимал.

вирус жасушаға енеді. Вирус енген нысана ағзаның жасушалары вирустық антигенді өршітеді және вирустың әсерінен бұл жасушаларда жаңа антигендер түзіледі.

Қолданылған әдебиеттер:

Оразалин Ж.Б

Рабинович Соломон Абрамович

Google.kz